

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

<b>Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)</b>					
<b>Топ/сынып</b>	<b>Кіші топ</b>				
<b>Тобы, топтың реттік саны, атауы</b>					
<b>Балалардың жасы</b>	<b>2 жасар балалар</b>				
<b>Педагогтің аты- жөні</b>					
<b>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</b>	<b>16.01-20.01.2023 ж.</b>				
<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен</b>	Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері".				

<p><b>әңгімелесу, кеңес беру</b></p>					
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b>          Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді өздігінен орнына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b>          Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; камқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b>          Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, тазалап жуғанын қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b>          Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; балаларды сү құйғышты ұстап, суаруды үйрету.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b>          Мақсат-міндеттер. Терезенің әйнегінде қырау оюлары бар болса, оны байқату; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару.</p>
	<p><b>"Қоянды үйіне дейін өткізіп көр" үстел ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды қоян бейнесін қабылдап, қол саусақтары арқылы, кедергілерден "секіртіп" бір және</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен ырғақты қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде</p>	<p><b>"Қар" саусақ жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға</p>	<p><b>"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды ойыншық аңдарды атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы "Аяз ата".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға</p>

	<p>кері бағытқа жүргізуге үйрету; педагогтің соңынан, өз қимылдарына қарап, қоян туралы тақпақты айтуға ынталандыру; қоянның қысқы тіршілігіне қызығушылық туғызу. Педагог балалардың қолдарының сыртқы жағына қағазға салынған қоянның басын жапсырады, текшелердің арасын ашып, бір қатарға тізіп қояды.</p> <p><i>"Қоян қарда жүгіреді".</i></p> <p>Қоян далада жүгіреді, Омбы қардан секіреді, Бұта түбінде ақырын,</p>	<p>жағымды әсер алуға баулу; қоянның тіршілігі жөнінде ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға ақ қоянның ойыншығын немесе суретін көрсете алады. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады. Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату) Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату) Қашып шыкса</p>	<p>ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға қардың жауғаны туралы суретті немесе бейнежазбаны көрсете алады.</p> <p>- Ақ мақтадай ұлпа қар (саусақтарды жыбырлату) Жамылыпты қырқарлар. (қолдарды төмен бұлғау) Қалың-қалың тоң киіп, (алақандарды бір-біріне уқалау) Маужырайды шыршалар. (қолдарды қосу, ұйықтап қалғанды көрсету) <i>Шәймерден Әлдибекұлы.</i></p>	<p>жаттықтыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту. Құралдар: аңдар ойыншықтары (резеңкеден, пластиктен жасалған), жеміс пен көгөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпіншіндері. - Балалар, бізге қандай аңдар келді? - Қандай аңға не бересіңдер? Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады. - Қандай аңға не</p>	<p>ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу; аяз қыс құбылысы жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Педагог балаларға жылы қиінген баланың суретін немесе аяз бейнесін көрсете алады.</p> <p>- Аяз ата алыстан, (алақанның қырымен үстел басын үйкелеу) Шаңғы теуіп келеді, Қояндармен жарысқан, (саусақтарды қосып, үстелге соққылау) Бізге сыйлық береді. (шапалақтау) <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	--	---	--	--

	Сәбіздерді кеміреді.	жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау) Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстелдің басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)		береміз? Дәмді қоректі тереміз: Қоянға - сәбізді, Түлкіге кәмпітті, Қасқырға болсын бауырсақ, Тиінге - саңырауқұлақ. <b>(сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>	
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет).</p> <p>2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).</p> <p>3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет).</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				

<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Балаларды тамақтану рәсіміне баулу.  - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),  Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бұғу),  Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).  Алақан су, су (саусақтарды қозғау),  Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),  Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).  Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірзділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.  - Кім шапшаң, кім өжет?  Кім болады апшақ көжек?  Орнымызда секірейік,  Көжектей жүріп билейік.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>				
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Орман аңдарының іздері".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру; жүру кезінде алға қарап және қолдарын еркін</p>	<p><b>Музыка</b>  "Сұр көжек".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету;  музыка мен қимылды үйлесімді жасауға</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Қай аңның ізі?"  Мақсат-міндеттер.  Балаларды түзу жолмен және екі жолдың арасымен түзу жүру іскерліктерін дамыту;  жүп болып орындалатын жалпы</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Құстарға жем шашайық".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру</p>	<p><b>Сурет салу</b>  "Түлкі іздері".  Мақсат-міндеттер.  Балалардың саусақпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру.  Балалардың саусақты басу арқылы сурет</p>

	<p>ұстап, дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын жетілдіру; балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру икемділіктерін, қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту.</p>	<p>дағдыландыру; қыс мезгілінде жануарларға деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.</p>	<p>дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; екі топқа бөліп, еңіс тақтайдың үстімен белгіленген межеге дейін жоғары және төмен аю сияқты жүру; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.</p>	<p>техникасының дағдыларын меңгерту; допты лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру. Балалардың допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, допты алысқа лақтыра білу ептілігін дамыту; допты лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін қалыптастыру; оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру.</p>	<p>салу әрекетіне деген қызығушылықтарын ояту; ересекпен ортақ ойынға белсенді қатысу қабілеттерін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылық қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<b>Қарды бақылау</b>	<b>Қоян ойыншығын</b>	<b>Күнді бақылау.</b>	<b>Ауладағы құстарды</b>	<b>Апандағы аюдың</b>

	<p><b>(қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға қыс мезгіліне тән табиғи құбылыс қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру.          - Балалар, бәрекелді!          - Қараңдаршы, айналада не жатыр?          - Иә, бұл қар.          - Қар қайда жатыр?          - Айналаның бәрі аппақ.          - Аулаға қыс келді, Қыс келді,          Қыс келді.          Қар шатырға түседі,          Қар ағашқа түседі,          Қар жерге таман,          төмен,</p>	<p><b>бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның тоны ақ, ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарды қабылдауға ынтылындыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру.          Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.          - Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?          - Жарайсындар, бұл қоян.</p>	<p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарды жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.          Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.          Алтын күнге ұқсайық,          Қолдарды, кел, созайық.          Қолдарымыз - шуақтар,          Жайылады жан-жаққа.</p>	<p><b>бақылау (шығаратын дыбыстары).</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру;          құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.          - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсындар ма? Бұл шығып жатқан қандай дыбыстар?          Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.          - Иә, бұл құстардың шиқылдаған дыбыстары.          - Құстар ұқсап дыбыстайықшы.          Жарайсындар!  <b>Еңбекке баулу</b></p>	<p><b>суретін қарау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға аюдың қысқы тіршілігі жөнінде жалпы ұғымдар беру; аюдың орманда көрінбейтінін, апанда ұйқыда жатқанын түсінуді үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.          Аю апанына жатты, Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю).          - Аю, аю, қайдасың?          - Неге ақырмайсың?          Д. Ахметова          - Балалар, аю неге ақырмайды?          - Иә, аю апанда ұйықтап жатыр.          - Аю қалай ұйықтайтынын</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>Бұлттан баяу түседі. Қарлар - жеңіл нүктелер, Көрінбейді бұлт пен жер. Түсіп жатыр, Түсіп жатыр, Аппақ көрпе жауып жатыр. Д. Ахметова <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>- Қоянның терісі сұрма? - Қоянның терісі ақ. Жарайсыңдар. - Қоянның қандай дене бөлшектері бар? - Иә, ұзын құлақтары бар. - Қоян құлықтарымен қалай қимылдайды? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. - Қоян қайда мекендейді? - Иә, қоян орманда мекендейді. Сендерді бірге ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана,</p>	<p><b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін</p>	<p><b>тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жақтағы бағытқа, бір-бірін итермей, жан-жаққа жүгіруді үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа</p>	<p>көрсетейікші. - Жарайсыңдар. - Аюдың ұйқысы қатты, біз ойынды ойнап көрейік. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. <b>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру,</b></p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>"Қолғап" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуге үйрету; бүкіл дене бұлшық еттерін, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту.          - Балалар, ал қазір қолғаптарымызбен әдемі жаттығулар жасап, ойнап көрейік.</p> <p>- Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау)          Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншісін сипау)</p>	<p>үндемей.          Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>          балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру.          Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.  <b>"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы бірге топтасып "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген</p>	<p>жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.          Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады.          Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша.          Топ-топ етіп басайық,          Қадам басып барайық.          Секіреміз оп-оп!          Біз жүреміз топ боп.</p> <p>Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік.          Жүгір, жүгір, балақай!          Саптан қалма, балақай!</p> <p>Жүгіріп болдық,</p>	<p>тәрбиелеу.          Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды,"ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұша қойыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап,, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады:          - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер.          Жемді шоқып, тойсаңдар,          Ән салып беріңдер.          Д. Ахметова</p>	<p><b>сөйлеуді дамыту)</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.          Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.          - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда.          Кім адапсай тауып алады,          Қоңырырауды қолға алады.          Балалар жасырынған қоңырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.          Педагог келесі ретте қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.  <b>"Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер:</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>Екінші жұп қолғапты, (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандарымен ары-бері бұраңдау)</p> <p>Біз татумыз, біз біргеміз, Шапалақтап, секіреміз. Оп-оп! Шапалақ! Секір, секір! Шапалақ! Жаттығу бірнеше рет қайталанады.</p>	<p>қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Ақ құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Ақ құлақтармен ойна! <b>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің</p>	<p>жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова <b>"Әткеншек" қимылды ойыны.</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.</p>	<p>Балалар бірақ отырып, демалып болғаннан кейін, педагог қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. <b>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.</p>	<p>балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>
--	---	--	--	--	--

		бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.			
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Түскі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<b>Керуеттегі жаттығулар</b> Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Ұйқымызды ашайық				

	<p>"Самал жел" - іште жатып, қолдары дене бойында. Бастарын сәл көтеріп, жел соққанын келістіру: "Ф-ф-ф".  "Желдің желпуі" - іште жатып, қолдары дене бойында, қолдарын екі жаққа созу.  "Жел бұлттарды айдайды" - тізені құшақтап жату. Аяқты құшақтап денемен алдына-артына тербелу.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p><b>Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз".</b>  Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b>  "Аю мен әтеш".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды аю мен әтеш туралы тақпақтың мазмұнымен таныстыру.</p> <p><b>"Қоян қайда?" дамытушы ойыны.</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларға қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "әне", "міне",</p>	<p><b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b>  "Ормандағы қыс".  Мақсат-міндеттер.  Балалардың зейінін сұр түстің қасиетіне аудару және әртүрлі заттардың айырмашылықтарына қарамай, ортақ сенсорикалық сипаты, түсі бойынша сәйкестендіруге үйрету; заттардың ұқсас қасиеттерін табуға және екі түрлі топтамаға аталған қасиеті бойынша</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b>  "Қысқы ормандағы аңдар".  Мақсат-міндеттер.  Балаларды жабайы аңдардың қысқы ормандағы тіршілік ерекшелігімен таныстыру; әр жабайы аң туралы қысқаша түсінік бере отырып, олардан қорғану ережелеріне үйрету.</p> <p><b>"Мен түлкімін, түлкімін" аз</b></p>	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b>  "Қоян".  Мақсат-міндеттен.  Балаларды дайын аяқталмаған қоян бейнесін (басы мен денесін) сопақша және домалақ пішіндермен жапсыруға үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағуға жаттықтыру; сүлгіні пішіндердің үстінен басып, толық бейнені жасай білу қабілетін қалыптастыру; балалардың</p>	<p><b>Имитация ойыны. "Қорқақ қоян".</b>  Мақсат-міндеттер.  Балаларды қоянның қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.  Педагог ақ қоянды белгілі жерге отырғызып қойып, балаларды бірге ілестіріп, қоянға жақындатады. Ойын бірнеше рет</p>

	<p>"анда", "бұнда", "бар", "жоқ" сөздерін қолданып айтуға ынталандыру; жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерді айтып көрсету. - Балалар, бізде қонақта қоян. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оның отырған жерін "әне", "міне", "анда" сияқты сөздерді қолданып жауап қайтарамыз. Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей,</p>	<p>бөліп алуға дағдыландыру.  <b>"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға торғай, қарғаның дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады. Содан соң аудиожазбаны тыңдатқанда балалар торғайларды "шиық-шиық", қарғаны "қарқ-қарқ" деп</p>	<p><b>қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, сонымен қоса алаңда еркін қимылдап, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкіні сомдайды, балалар ойыншылар болады; ""түлкінің"" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында, балаларды асықтырмайды. Ойында балалардың</p>	<p>жапсырудағы икемділігі мен дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеті мен зейінін дамыту; балалардың жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.  <b>"Қайдасың?" атты мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың зейін қабілетін дамыту; заттардың орналасу орындарын байқауға, бір сөзбен немесе саусақпен көрсетіп, "әне", "міне" сияқты</p>	<p>өткізіледі. - Аппақ қарды паналап, Аппақ қоян, тығылма! Көлеңкеңнен үркімей, Қорқақ қоян, қорықпа! Қоян, қашып кетпе! Міне, құрақ көрпе! Суықта қалмайсың, Жамылсаң – тоңбайсың. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	---	--	--	---	--

	<p>Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Көркем сөзден кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>дыбыстайды. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p>	<p>өз орындарына өтіп, тынышталуына, өзін- өзі басқаруына ықпал етеді. - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтуды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Отырмайтын болсаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық. - Мен түлкімін, түлкімін, Қулықпен өтер күнім. Қаласам алдай саламын, Орынды басып аламын. Д. Ахметова Педагог сөздерді</p>	<p>сөздерді қолдануға ынталандыру; кеңістікті бағдарлау негіздерін қалау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	
--	--	---	--	--	--

			әндетіп айтып жүруі керек. <b>(дене шынықтыру)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>"Қоян қайда?" қимыл жаттығуы.</b> - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ, Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Саусақ жаттығуы.</b> <b>"Алақай! Алақай!"</b> - Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір, екі, Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Саусақ жаттығуы.</b> <b>"Қолғап".</b> - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>"Шаңғының жолы".</b> Мақсат-міндеттер. Ермексизден кесекті екіге бөлу, екі бағанды есу, жалпақтау амалдарын игерту. <b>(мүсіндеу)</b>	<b>"Аю апанына жатты" қимыл жаттығуы.</b> - Аю апанына жатты, Аюдың ұйқысы қатты (ұйықтаған аю). Аю, аю, қайдасың? Неге ақырмайсың? Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</b> Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),				

	<p>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),  Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).  Алақан су, су (саусақтарды қозғау),  Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),  Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).  Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b>  Музыкалық аспаптармен ойындар. Аңдар туралы әндер тыңдау және жаттау. <b>(музыка)</b>  Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b>  Еркін рөлдік ойындар.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Баланың мұқтажын ескерудің маңызы", "Баланың еркелігі және тәрбиелеу ерекшеліктері".</p>